

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС өндірістік кеңес

ХАТТАМА №01

Жетісай қаласы

31 тамыз 2023ж

Қатысқаны:10

Қатыспағаны:2

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен лауазымдық міндеттермен, жылдық жоспармен таныстыру.
2. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі шаралармен таныстыру.
3. Бала тағамының құнарландыру бала денсаулығының кепілі.
4. Жазғы сауықтыру кезіндегі өткізілген іс-шаралардың қорытындысы.

Балабақша меңгерушісі Г.Темирова қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа жылдық жоспарды талқылауды ұсынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін іс шаралар кестесін, педагогтардың оқу кестесін бекітті. Аудандық білім бөлімінің бұйрықтарымен қаулыларына сәйкес балалардың білім алуына басты назар аударып, балабақшаны сол шараларға тиісті деңгейде жабдықтауды ұсынды. Жаңа оқу жылына қажетті оқулықтар мен ойыншықтардың, кеңсе құралдарының есебін берді. Балабақша меңгерушісі қызметкерлерді жұмыс уақытындағы ережелермен таныстырды. 2023-2024 оқу жылына арналған еңбекті қорғау және жақсарту шараларының техникалық - ұйымдастырушылық жоспары

- лауазымдық нұсқаулықтарда барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін анықтау;

– еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасау;

– еңбекті қорғау қызметі туралы ережені бекіту;

– оқыту мен нұсқамаларды ұйымдастыру;

– зиянды және қауіпті факторларды бақылауды ұйымдастыру

Әр қызметкерге өзінің қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтарын түсіндірді.

2. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі шаралармен таныстыруда шаруашылық меңгерушісі : И.Зульфикаров сөз кезегін алды.

Өрт туындаған жағдайда, егер, өрттің ауқымы кішкентай болса, дымқыл матамен өшіруге болады. Өрт ауқымды болса 101 номеріне хабарласу керек. Адам өміріне қауіп төнбеу үшін, ғимараттан тезірек шығу жөнінде ертерек ескерту керек екенін айтып өтті. Балалардың өрт қауіпсіздік ережесінің талаптарын сақтау жөнінде техникалық қауіпсіздігі бойынша түсінік берді.

3.Балбақша медбикесі: Л.Дүйсенбекова Балалардың дұрыс тамақтануының бірінші және ең маңызды қағидаттарының бірі-бұл энергетикалық теңгерімділік. Кейде біз сізбен бірге өз балаңыздың барлығын тамақтандыруға тырысамыз. Балаға ол алатын тағамның көлемі ғана емес, оның энергетикалық құндылығы да маңызды екенін есте сақтау керек. Қазіргі уақытта ұн өнімдерінің, картоптың, қанттың көп мөлшері қолданылады, сол арқылы балалар ағзасын теңгерімсіздікке әкеледі: бала жұмсауға қарағанда көп тұтынады. Мұның бәрі семіздікке және басқа да ауыр ауруларға әкелуі мүмкін. Фастфудта "сән" (майларға бай) және компьютер артындағы балалардың аз қозғалатын бейнесін ескере отырып, артық салмақ деңгейі тез өсуде. Сақ болыңыз! Көмірсулар мен майларды артық тұтыну зат алмасуының бұзылуына әкелуі мүмкін. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануының маңызды шарты тамақтану тәртібін сақтау болып табылады. Бұл бір күн ішінде калориялығы бойынша тамақтың сандық және сапалы бөлінуі ғана емес, сондай-ақ тамақтардың саны мен олардың арасындағы интервалдар да. Балада тамақтану режимінің болмауы және оның тұрақсыз болуы бірінші кезекте ағзаның күйзелісіне және әртүрлі ауруларға әкелуі мүмкін.

4.Жазғы сауықтыру шараларының есебі “Көгершін” және «Қарлығаш» топтарының тәрбиешілері жазғы сауықтыру шараларының өткізілу барысы жайлы есеп берді. Бірінші: Тәрбиеші: А.Досыбаева Біз ең алдымен ата-аналармен балаларды жазғы уақыттағы қауіпсіздік шараларымен таныстырдық. 1- маусым балалар күнінде қуыршақ театрының қатысуымен ойын-сауықтық бағдарлама өткіздік. «Әрқашан күн сөнбесін » тақырыбында асфальтта сурет салу сайысын өткіздік. Екінші тәрбиеші А.Шаменова Есебі: «Астана – арман қала» тақырыптық оқу іс-әрекеті өтті, «Әкем шешем және мен » тақырыбында ойын сауық шараларын өткіздік. Өлкетану мұражайына саяхат жасадық. Су мерекесін өткіздік;

ШЕШІМ:

- 1.Жаңа оқу жылының жоспарын орындау;
- 2.Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалау;
3. Өртпен қауіпсіздік шаралары сақталсын

ЖШС “Намира апа ” бөбекжай балабақшасы ЖШС

№2 хаттама

«Намира апа» балабақшасының өндірістік жиналысы 18 желтоқсан 2023
жыл

Қатысушылар:

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балаларды сақтандыру. Жаңа жыл шыршасы
3. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы.
4. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ.

Күн тәртібіндегі бірінші қаралған мәселе өткен кеңесте қаралған мәселелер жайлы балабақша әдіскері сөйледі. Балабақша қызметкерлері ішкі еңбек тәртібімен лауазымдық міндеттер және жылдық жоспармен таныстырылды. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау іс-шараларымен таныстырылды. Балабақшада бала тағамының құнарландыру күшейтілді және медбике түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жазғы сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылды.

Екінші мәселе бойынша

Жаңа жылдық ертеңгілікте балалардың қауіпсіздігі туралы. Меңгеруші: Г.Темирова жаңа жыл мерекесі жақындаған кезде жасыл шырша да өз орнын табады. Жаңа жылды өрт сияқты оқиғалармен көңілге кірбің түсірмей, жақсы өткізу үшін жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау қажеттілігі туралы естеріңізге саламыз.

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мереке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертігуі әбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

- отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң.
- таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер, автомашина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.
- отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, құраған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет ұшқын түскен болса, өртенуі мүмкін.
- өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет.
- Көрсеткіштердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет.


Үшінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгершісі сөйледі. Балабақша қысқы жылу мерзімне дайын топтарда бөлме температурасы 23+ градус деңгейде. Жылыту мауымына көмір отындармен қамтамасыз етілді. Төртінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі : Г.Темирова балабақша қызметкерлерінің кезекті ақылы еңбек демалысы 2023-2024 оқу жылының күн тізбесіне сай түзілсін.

ШЕШІМ:

- 1.Ата- аналармен жаңа жылдық ертеңгілік кезіндегі қауіпсіздік шаралары жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу
- 2.Балалармен ата-аналар, қызметкерлерге аурудың алдын-алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 3.Балбақша қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы түзіліп бекітілсін.



Келісеторайымы:

 Г.Темирова

Хатшы



А.Сапахова

“ Намира апа” бөбекжай балабақшасы ЖШС

№3 хаттама

«Намира апа» балабақшасының өндірістік жиналысы 20 наурыз 2024

жыл

Қатысушылар:

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Тәрбиеленшілердің қауіпсіздігін сақтау жолдары
3. Ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жұмысы
4. Балабақша ауласын көгалдандыру.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша қысқы жағдайында орын алатын оқыс жағдайлардың алдын алу мақсатында сақтану нұсқаулықтарына тоқтала отырып шаруашылық меңгерушісі: Г.Темирова алдын алу шараларын қамтамасыз етіп отыру міндеттелді.

Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі: И.Зульфикаров білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ережені қамтитын негізгі нормативтік-құқықтық акт-бұл білім беру мекемесінің білім беру процесі кезінде тәрбиеленушілер мен мекеме қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілігін белгілейтін ҚР-ның «Білім туралы» заңы. Балабақшадағы еңбекті қорғаудың негізгі мақсаты-салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету, еңбек, тәрбие және ұйымдастырылған демалыс процесінде тәрбиеленушілер мен жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау, оқу мен ұйымдастырылған демалыстың оңтайлы жұмыс режимін құру. Балабақшадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша балабақша әкімшілігі қызметінің негізгі бағыттары:

- өрт қауіпсіздігі;
- терроризмге қарсы қауіпсіздік;
- санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
- еңбекті қорғау;
- балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу.

Балабақшада тәрбиеленушілер мен персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Балабақша қызметкерлерінің еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына бақылау, тексерулер жүргізілді (барлық лауазымдар бойынша), балабақша аумағы қоршаумен қоршалған, ғимарат металл есіктермен жабдықталған, балабақша аумағында үнемі бейнебақылау жүргізіледі, терроризмге қарсы қауіпсіздікті сақтау

мақсатында ведомстводан тыс күзетті шұғыл шақыруға арналған дабыл түймесі бар, балабақша ғимараты өрт сатыларымен жабдықталған, оқу жылы ішінде алғашқы өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіштер) өрт дайындығы жағдайында ұсталады, үй-жайлар қосалқы өрт шығу жолдарымен жабдықталған, эвакуациялық шығу жолдарын күтіп-ұстауға қойылатын талаптар сақталады, ғимаратта АСЖ жүйесі жұмыс істейді (дауыстық хабарлауы бар автоматты өрт дабылы), өрт күзетімен тікелей байланыс желісі бар.

Балабақша аумағында шығарылатын жол белгілері бар жол белгілері бар, жол қозғалысы ережелерін балаларды оқыту бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін топтарда қажетті атрибуттары бар жолдардың ойын макеттері бар, мектеп жасына дейінгі балалар «Автоқалашықта» жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтарға қатысады, балалардың жол-көлік жаракатының алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізілуде. Педагогикалық процестің барлық қатысушыларымен (қызметкерлер, ата-аналар, тәрбиеленушілер) тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша нұсқаулықтар, тренингтік және оқу сабақтары үнемі өткізіледі, -деді.

Үшінші мәселе бойынша: әдіскер: А.Сапахова өздеріңіз білетіндей бөбекжайда ҚР «Білім туралы» Заңын іске асыра отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін консультативтік пункт жұмыс істейді.

Консультативтік пункт жұмысының мақсаты отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығы бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) жан-жақты көмек көрсету, балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес беру болып табылады. Мақсаттар мен міндеттерді тиімді іске асыру үшін жұмыс жоспары әзірленіп, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Жас ата-ана мектебі» консультативтік пунктiнiң, әдістемелік, диагностикалық қызмет көрсететін педагогтардың құрамы анықталды және бөбекжайдың консультативтік пунктінде отбасыларға консультациялық көмек, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды ақпараттандыру қамтамасыз етілді. Кеңес беру пунктiнiң жұмысына мамандар, директор, кеңес беру пунктiнiң мүшелері-инновациялық әдіскер, педагог – психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер жұмылдырылды. Ата-аналар тәрбие мәселелеріне және балалардың дамуы бойынша жұмыстарға қызығушылық танытуда. Көбінесе баланың мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бейімделуі туралы сұрақтар туындайды, бұл ата-аналардың бейімделу процесі жеңілдетуге деген қызығушылығын білдіреді, -деді.

Төртінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу ұйымдастыруды шаруашылық меңгерушісі: И.Зульфикаров жүктеледі. Көктем келуіне байланысты аулаға баттандыру және көгалдандыру жұмыстары бойынша сенбілік жұмыстары ұйымдастырылсын.

Шешім:

- 1.Тәрбиеленшілердің қауіпсіздігін сақтау жолдары жыл бойы жүргізілсін.
3. Ата-аналарға арналған кеңес беру пунктiнiң жұмысы қанағаттанарлық.
4. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын қадағалау шаруашылық орынбасары И.Зульфикаров жүктелсін.



Кеңес төрайымы:

Г.Темирова

А.Сапахова

“Намира апа ” бөбекжай балабақшасы ЖШС

№4 хаттама

«Намира апа» балабақшасының өндірістік жиналысы 24 мамыр 2024жыл

Қатысушылар:

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Ойын алаңының қауіпсіздік нұсқаулығының сақталуы.
3. Қызметкерлердің санитарлық талаптары жағдайы
4. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау , бекіту.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша

Бірінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова бала өмірін қорғауды қадағалау нұсқаулықтары бойынша жұмыстар жүргізілсін.Балаладың балабақшадан қалмай келуі, күнделікті бала жағдайын ата-анамен қарым-қатынаста болсын. Келмей қалған жағдайда сұрап тығыз байланыссын. Бала 3 күннен артық қалған жағдайда анықтама әкелсін. Себепсіз қалдыру болмайтынын ескертілсін. Көп күн қалған жағдайда оқу жылында алатын демалыстың өтініш жазылсын.

Екінші мәселе бойынша: балалар ойын алаңдарына арналған жабдықтар қауіпсіздігі туралы Ойын алаңының қауіпсіз конструкциясы мен жабдық дизайны осы жабдықты жобалаушылар, өндірушілер, жеткізушілердің, ойын алаңдарының құрылысы, оларды ұстау және пайдалану үшін жауапты ұйымдар мен тұлғалардың; нормативтік құжаттаманы әзірлеумен айналысатын ұйымдар, мемлекеттік, өңірлік жас жергілікті биліктің бақылаушы органдарының басты назарында болуы тиіс

әдіскер арнайы нұсқаулық бойынша жұмыс жасап жатқандығы туралы айтты Бул стандарттарда балалар алаңдарындағы жаракаттану себептері ескерілген және негізгі қауіпсіздік талаптары әзірленген: Жабдық баланы ойынға тарту мүмкіндігі көрініп тұратындай болып жобаланған болуы тиіс. Жабдықтың өлшемдері мен қиындық дәрежесі болжамды балалар тобы үшін жарауы тиіс. Жабдықтың бірыңғай тұрақтылығы келесі әдістердің бірімен тексерілуі тиіс: есептеу, физикалық тестілеу немесе екеуін араластыру


Үшінші маселе бойынша Балабақша медбикесі Л.Дуйсенбекова қызметкерлердің санитарлық тексеруден соңғы короновирус инвекциясынан кейін барлық қызметкерлер алты ай сайын өтетіндігін және мед книжкалардың барлық қызметкерде бар, оту уақыттары дұрыс екендігін айтты.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалғандығын айтты.. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуралары, құммен ойнау, тұрлы спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1 маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз деп атап өтті.

Шешім: Ойын алаңындағы қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақталсын



Кенес төрайымы:

 Г.Темирова

Катібі:

 А.Сапахова